

*Министрдің Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісіндегі Үкімет сағатына
мүмкіндігі шектеулі адамдардың (мүгедектердің)
құқығын қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі
баяндамасы
Астана қ., сәуір 2014 ж.*

Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы! Құрметті әріптестер!

Бүгінгі талқыланып отырған мүмкіндігі шектеулі жандардың негізқалаушы құқықтарын қамтамасыз ету проблемасының өзекті екені белгілі. Мемлекет Басшысы өзінің Қазақстан халқына Жолдауында «бұл адамдарға қамқорлық көрсету, – біздің қоғамның және өзіміздің алдымыздағы парызымыз» деп атап көрсетті.

Қазіргі уақытта елімізде 600 мыңнан астам, немесе халықтың жалпы санының 3,5 %-дан астам мүгедек өмір сүреді.

Мүгедектікті түсіну мен мүгедектерді әлеуметтік қолдаудың жаңа ұғымы қалыптасып, іске асырылуда. Бұған дейін Үкіметтің алдында әлеуметтік жәрдемақыларды уақытылы төлеу мәселесі ғана тұрған болса, енді бұл міндеттің ауқымы әлдеқайда кеңейді және мүгедектерді оңалту мен оларды қоғамға кіріктіру міндеттерін қамтиды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұл бағыттағы жұмысының негізгі көрсеткіштері таратпа материалдарда ұсынылған. Осыған орай, мүгедектердің өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі жұмыстың негізгі бағыттарына тоқталуға рұқсат етіңіздер.

Бірінші кезекте, бұл мүгедектерге қатысты нормативтік-құқықтық базаға байланысты.

Мүмкіндігі шектеулі жандардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту үшін Қазақстанда бірқатар маңызды заңдардың іске асырылып жатқанын атап көрсету керек. Олар:

- халықтың еңбек ету қабілетінен айрылу қатерінің алдын алуға;
- мүгедектік туындаған жағдайда, оңалтуды қоса алғанда, әлеуметтік қамсыздандыруға және қолдауға;
- өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетуге бағытталған.

Сонымен қатар, Қазақстан Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияға және оған Факультативтік хаттамаға қол қоя отырып, халықаралық стандарттарды имплементациялау жөнінде міндеттеме алды.

Бұл міндеттемелерді іске асыру үшін Мүгедектердің өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған жоспар қабылданған болатын. Осы Жоспардың шеңберінде қолданыстағы заңнаманың Конвенция ережелерімен сәйкестігіне талдау жүргізілді.

Жүргізілген талдау нәтижесі, еліміздегі мүгедектердің әлеуметтік және экономикалық құқықтарының кепілдіктері, тұтастай алғанда, Конвенция ережелеріне сәйкес келетінін белгілеп берді.

Қолданыстағы заңнамалық базаны жандандыру мақсатымен «Кейбір заңнамалық актілерге мүгедектерді әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы дайындалды. Жобаға сәйкес Қазақстан Республикасының 20 нормативтік-құқықтық актісіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді.

Заң тұрғысынан бекітілген мүгедектермен жұмыс үлгісін іске асыру белгілі бір шаралар кешенін көздейді.

Мүгедектіктің басталу қатерінің алдын алу осы шаралардың негізін құрайды. Мұнымен байланысты проблемалар:

- ұлттың денсаулығын нығайтуды және мүгедектікке әкеп соғатын патологиялардың таралуын азайтуды;

- кәсіби аурулар профилактикасын және жарақаттанушылықтың алдын алуды;

- мүгедектікті төмендету жолдары мониторингін, болжауды және айқындауды қамтиды.

Денсаулықты нығайту мен мүгедектікке әкеп соғатын патологияларды азайту бөлігінде:

Біріншіден, балалар патологиясын жас кезінен уақытылы анықтау жұмысы күшейтілді. Бұл мүмкіндігі шектеулі балалардың үштен бірінің мүгедектігінің туа біткен патологияға байланысты болуына байланысты.

Қазіргі уақытта республикамыздың медициналық ұйымдарында алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін дені сау бала кабинеттері ашылып, жұмыс істейді, оларда сәби жастағы балалардың психофизикалық скринингі өткізіледі.

Қазақстанның барлық өңірлерінде жаңа туған балаларға арналған аудиологиялық скрининг кезеңдеп енгізілуде, жаңа туған нәрестелерді скринингпен қамту деңгейі 2013 жылы шамамен 85 % жетті. Бұл әртүрлі есту кемістігі бар 1,9 мыңнан астам баланы анықтауға және оларға қатысты медициналық әсер ету шараларын ерте жастан қолдануға мүмкіндік берді.

Білім беру ұйымдарындағы медициналық пункттер желісі қалпына келтірілуде.

Екіншіден, емдеудің, оның ішінде әлеуметтік маңызды аурулардан емдеудің, сапасын арттыру жөнінде шаралар қабылдануда. Қазақстан Республикасында кардиологиялық және кардиохирургиялық көмекті дамыту бағдарламасы шеңберінде жүргізілген шаралар; туберкулезді емдеу; инсулинге мұқтаж ауруларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді жақсарту; қатерлі ісікті ерте анықтауға назар аударып онкологиялық көмекті жетілдіру мүгедектіктің (оның ішінде алғашқы) төмендеуіне оң ықпалын

тигізіп, бастапқы мүгедектік деңгейіне ғана емес, жалпы ауру түрлері бойынша мүгедектіктің құрылымына да ықпал еткен.

Мәселен, мүгедектікке әкеп соғатын патологиялардың арасында жүрек-қан тамыр аурулары әлі де бірінші орында тұр. Бұл орайда, соңғы үш жылда осындай сырқат адамдардың үлес салмағын, олардың жалпы санының 15,7 % деңгейінде тұрақтандыруға қол жетті.

Үшіншіден, кәсіби аурулардың алдын алу мен өндірістік жарақаттанушылықты төмендету шаралары қабылдануда.

Ағымдағы жылдың 1 тоқсанында еңбекке қабілетті жастағы мүгедектердің арасында мүгедектігі өндірістік жарақаттанудан туындаған адамдардың үлес салмағы 1,4 % құрады. Бұл көбінесе еңбек жағдайы зиянды және ерекше зиянды салаларда еңбек етуімен байланысты. Осындай жағдайларда үш жүз мыңнан астам адам, оның ішінде 74 мыңы әйел жұмыс істейді.

Бұл ахуалды жақсарту үшін:

- қауіпсіздік және еңбекті қорғау стандарттарын бейімдеу және енгізу шаралары қабылданды. Мысалы, ағымдағы жылдың басында бір мың төрт жүзден астам ірі және орта өнеркәсіп кәсіпорындарында халықаралық және ұлттық еңбек стандарттары енгізілді.

- өндіріс түрлерінің және ерекше қауіпті және ерекше зиянды жұмыстарда істейтін қызметкерлер кәсіптерінің тізбесі жандандырылып бекітілді.

- ағымдағы жылдың басынан бастап еңбек жағдайы ерекше қауіпті және ерекше зиянды жұмыстарда істейтін қызметкерлерді міндетті кәсіптік сақтандыруға көшу жүзеге асырылды;

- жұмыс орындарындағы еңбек жағдайын бағалау үшін өндірістік нысандарды аттестаттаудан өткізу тәжірибесі ұлғайды. Өткен жылы өнеркәсіптің жетекші салаларында екі мыңнан астам кәсіпорын аттестаттаудан өткізілді;

- зейнетақы заңнамасына енгізілген өзгерістерге сәйкес өнеркәсіптік нысандарды аттестаттауда расталған қауіпті және зиянды еңбек жағдайларын жойған жағдайда, жұмыс берушілер міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеуден босатылады.

- ерікті жария ету тәжірибесі енгізілуде. Ағымдағы жылы ол төрт өңірде іске асырылады (ШҚО, Павлодар, Алматы, Қызылорда облыстары) әрі еңбек жағдайларының мемлекеттік стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз еткен кәсіпорындардың сертификат алуына және кәсіпорындардың тиісті тізіліміне енуіне мүмкіндік береді. Мұндай кәсіпорындар 3 жылға дейін жоспарлы тексеруден босатылады, бұл әкімшілік кедергілерді жояды және жұмыс берушілердің шығынын азайтады. Ағымдағы жылдың 1 сәуіріне 9 кәсіпорын осындай сенім сертификатына ие болды.

Заң жобасы екінші кезеңнің шеңберінде:

- жоғарыда көрсетілген барлық бағыттар бойынша жұмысты жандандыру;
- жаңа технологиялық процестерді, кәсіптерді және өндірістік факторларды ескере отырып кәсіби аурулардың тізімін әзірлеп, бекіту;
- кәсіптік және өндірістік-шартты аурулардың жоғары қатерлі топтарын бөлу критерийлерін әзірлеу;
- кәсіптік және өндірістік-шартты аурулардың жоғары қатерлі топтарындағы адамдар үшін медициналық және кәсіптік оңалту, сауықтыру емдеу әдістемесін жетілдіру көзделеді.

Келесі – бұл медициналық-әлеуметтік сараптаманы жүргізу немесе тыныс-тіршілігінің шектелу дәрежесін белгілеу шараларын жетілдіру.

Қазіргі уақытта 126 МӘС бөлімі медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізеді, жыл сайын шамамен екі жүз мың адам олардың мүгедектікті белгілеу қызметімен қамтылады.

Соңғы жылдары:

- МӘС нормативтік-құқықтық базасы жүйеленді,
- тыныс-тіршілігінің шектелу, жалпы және кәсіби еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесін белгілеудің бірыңғай критерийлері айқындалды,
- мүгедектердің орталықтандырылған деректер базасы құрылды, ол мүгедектердің сандық және сапалық құрылымы мониторингін жүргізуге және МӘС-тің мүгедектікті дұрыс белгілеу және оңалту іс-шараларын жүргізу бөлігіндегі қызметінің тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді,
- СӘС қызметі ұсынатын құжаттар мен есеп түрлері біріздендірілді.

МӘС жұмысында әр мүгедекке арнап *жеке оңалту бағдарламасын* (ЖОБ) әзірлеудің маңызы зор. Мүгедектің жеке қажеттілігіне қарай онда «оңалту бағыты» - нақты іс-шаралар, олардың орындалу нысаны, мерзімімен тәртібі айқындалады.

Жүргізіліп жатқан осындай жұмыс ауқымы мүгедектерді қайта куәландырудың санын тұрақтандыруға мүмкіндік берді, алғаш мүгедек деп танылатын адамдар санының қысқаруы, сондай-ақ, еңбекке қабілетті жастағы мүгедектік деңгейінің төмендеуі байқалды.

Осы кемшіліктерді жою мақсатында Байланыс және ақпараттандыру агенттігімен бірлесіп электрондық композиттік қызметтерді енгізуге дайындық жүргізілуде. Ол бойынша мемлекеттік қызметтің 9 түрін біріктіру жоспарлануда.

Бүгінгі таңда мүгедектікті белгілеу үшін адам алдымен МӘС қызметіне жүгінеді, кейін мүгедектік белгіленген жағдайда, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау үшін ЗТМО-ға жүгінеді; содан кейін техникалық құралдар немесе арнаулы әлеуметтік қызметтер алу үшін жергілікті атқарушы органдарға өтініш береді.

Енгізіліп отырған композиттік қызмет азаматтың МӘС қызметіне біржолғы жүгінуін қамтамасыз етеді, егер ол мүгедек ретінде МОДҚ-да

тіркелген болса, оның құжаттары тиісті қызметтерді тағайындау үшін автоматты режимде ЗТМО-ға және жергілікті атқарушы органдарға түседі. Ең бастысы мүгедектікті белгілеу процесіне жедел мониторинг екі жақтан бірдей жүргізілетін болады.

Әрі қарай Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп Халықаралық тіршілік-тынысы мен денсаулықтың қызмет етуі, шектелуі жіктеуішін енгізу мәселесін қарастыру керек. Бұл жүйе денсаулықпен байланысты барлық жағдайлардың жіктеуіші болып саналады және де сақтандыру, әлеуметтік қорғау, жұмысқа орналастыру, білім беру, экономика, әлеуметтік саясат, заңнама және гигиена салаларында қолданылады.

Мүгедектердің құқығын қамтамасыз етудегі тағы да маңызды аспектілердің бірі - мүгедектерді әлеуметтік қолдаудың барабар жүйесін қалыптастыру. *Бұл материалдық қамтамасыз етуді жақсарту, оңалту жүйесін, медициналық және әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін жетілдіру шаралары дегенді білдіреді.*

Бүгінгі таңда мүгедектердің жеке жағдайларының төмендігін ескере отырып мынадай шаралар қабылдануда.

Бірінші – әлеуметтік қамсыздандырудың көпдеңгейлі жүйесі аясында мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар (оның ішінде 2010 жылдан бері енгізілген мүгедек бала тәрбиелеп отырған адамдарға әлеуметтік жәрдемақы да бар) және МӘСК-дан және сақтандыру компанияларынан әлеуметтік төлемдер беріледі.

Екінші – мемлекеттік бюджеттен арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар төлемі нысанында әлеуметтік көмек және жергілікті деңгейде қолдау түрлері көрсетіледі. Мүгедектерге тұрмыстық қызмет, жеңілдіктер мен жәрдемақылар алуға қажетті құжаттарды ресімдеуде кешенді қолдау және көмек көрсетіледі.

Үшінші – мүгедектерді оңалту тиімділігін арттыру үшін «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» ҚР Заңына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету жүйесіне реформа жүргізу басталды.

Арнаулы әлеуметтік қызметпен жыл сайын көмекке мұқтаж 80 мыңнан астам адам қамтылады. Мемлекет кепілдік берген әлеуметтік қызметтер азаматтарға тегін, ал қосымша қызметтер – ішінара және толық төлем шартымен көрсетіледі. Бұл ретте стационар (дәстүрлі медициналық әлеуметтік мекеме), жартылай стационар (күндізгі бөлімшелер), үйде күтім жасау жағдайында әлеуметтік қызмет көрсету түрлерін таңдау мүмкіндігі берілген.

2013 жылы жиырма мыңнан астам адамға арнаулы әлеуметтік көмек көрсетілді, олар қарттар мен мүгедектерге, психоневрологиялық ауру

адамдарға, тірек-қозғалыс аппараты бұзылған адамдарға арналған 104 интернат үйлерде тұратын адамдар.

Экономикалық тұрғыдан да, әлеуметтік жағынан да күндіз болу бөлімшелерінде, мүгедек балаларды оңалтудың күндізгі орталықтарында әлеуметтік қызмет көрсетудің жаңа нысандарын дамыту, мүгедек балалардың және егде жастағы адамдардың отбасында тұруын қолдау және соған жетелеу тиімдірек деп есептейміз. Осыған орай еліміздің 14 өңірінде 42 күндіз болу бөлімшесінің ашылғанын атап өткіміз келеді.

Бытырғы жылы сол бөлімшелерде төрт мыңдай адамға әлеуметтік қызмет көрсетілді. Осы бөлімшелердің жұмысының арқасында 402 балаға отбасына оралуға, ал бес жүздей мүгедек баланың ата-анасы күні бойы осы бөлімшелерге балаларын орналастырып, жұмысқа тұруына мүмкіндік берілді.

Жалғыздікті немесе жалғыз тұратын мүгедектерге, қарт адамдарға да әлеуметтік қызмет көрсетудің маңызы зор. Әлеуметтік қызметкер үй шаруасында, азық-түлік, дәрі-дәрмек сатып алуға көмектесіп қана қоймай, заң қызметін алуға, басқа да, мәселен медициналық, жәрдемақы ресімдеу тәрізді қызметтерді алумен байланысты мәселелерді шешуге де жәрдемдеседі.

Басты әлеуметтік қызмет көрсету қағидаттарының бірі – адамға дағдылы ортасында, яғни үйінде көбірек болуын қамтамасыз ету. Стационарлық мекемеге жатқызу – ең соңғы шара ретінде бағалануға тиіс.

Әлеуметтік қызмет көрсетудің басты объектісі интернат үйлері емес, өмірде орын алып жатқан қиын жағдайлар және сол жағдайдан адамды немесе отбасын мүмкіндігінше алып шығу болуға тиіс.

Осы мақсатта арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге Үкіметтік емес ұйымдардың қатысуы кеңейтілуде. 55 ҰЕҰ орналастырылған мемлекеттік тапсырыс негізінде 2013 жылы 3 мыңнан астам адам қызметпен қамтылды. Көп емес, бірақ 2008 жылы осының біреуі де болмағандығын ескеретін болсақ, алға жылжу бар екенін байқаймыз. Бұл тәжірибе Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Павлодар және Ақмола облыстарында кеңірек таралған.

Төртінші - осы реформа аясында қалпына келтіре отырып медициналық оңалту жүйесін одан әрі дамыту көзделіп отыр.

Осы мақсатта протездік-ортопедиялық көмек көрсететін кәсіпорындар таратылып, «Алматы, Петропавл, Семей протездік-ортопедиялық орталықтарын» АҚ біріктіру арқылы жарғылық капиталында жүз пайыздық мемлекеттің қатысуымен «Республикалық протездік-ортопедиялық орталық» АҚ құрылды.

Жанадан құрылған ұйым заманауи протездік-ортопедиялық бұйымдар шығару бойынша ғылыми-әдістемелік орталыққа айналады. Келешекте протездік-ортопедиялық бұйымдардың жаңа түрлерін шығаруды қамтамасыз ету үшін инвестициялар тарту жоспарлануда.

Сондай-ақ есту-протездеу көмегін дамыту көзделуде. 2007 жылдан бастап елімізде жыл сайын жүздеген мүгедекке қалпына келтіру операциялары (кохлеарлық имплантация) жасалады.

Мүгедектерге сурдологиялық және есту мүшелерін протездеу көмегінің сапасын арттыру мақсатында Республикалық естуді түзету орталығы (РЕТО) есту қабілетін бұзылған адамдардың түрлі санаттары үшін осы көмек түрлерін көрсету жөніндегі әдістемелік ұсынымдар әзірледі. Аталған орталықта кохлеарлық имплантантты үйлестіру, есту-сөйлеу қабілетін оңалту, техникалық оңалту құралдарына сервистік қызмет көрсету, кохлеарлық имплантациядан кейін ата-анаға баласына күтім жасау жүргізілетін болады.

Мүмкіндіктері шектеулі адамдарды әлеуметтік кіріктірудің тағы да бір маңызды шарты кәсіптік оңалту болып табылады – бұл еңбек табысы көздерінің бірі ретінде жалпы және кәсіптік білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету, нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары. Бұл мүгедектердің басым бөлігі еңбек етуге қабілетті жаста екенін ескеретін болсақ, әсіресе маңызды.

Соңғы үш жылда жоғары оқу орындарына квота бойынша 680-нан астам мүгедек, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына тағы да 1146 мүгедек қабылданды. Жыл сайын еліміздің ЖОО мен колледждерінде 2800-дей мүгедек оқиды. Олардың көбісіне жергілікті бюджет қаражаты есебінен жеңілдікті стипендия беріледі.

Жұмыспен қамту 2020 жол картасын іске асыру кезеңінде (2011-2013 жж.) кәсіптік оқу мен қайта даярлауға жіберілген 478 мүгедектің жартысынан көбі тұрақты жұмыс тапты. Тағы да 117 мүгедек кәсіпкерлік негіздеріне оқудан өтті.

2015 жылға қарай Қазақстанда шамамен мектептердің 20 %-ында кедергісіз мектеп ортасын қалыптастыру жоспарлануда.

Еліміздің тарихында алғаш рет 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік бюджеттен үйде оқитын мүмкіндіктері шектеулі 9000 балаға арналған оқу орнын жабдықтау үшін қаражат бөлінді. Бұл компьютерлер, қосымша техникалық құралдар сатып алу және Интернет желісіне қосылу дегенді білдіреді. Кезең-кезеңімен үйлерінде оқитын мүгедек балалардың барлығы 3 жыл ішінде қамтамасыз етілетін болады.

Арнайы түзеу мектептері арнаулы жабдықтармен жарақтандырылуда. 43% арнайы білім беру ұйымы мүмкіндіктері шектеулі балалардың танымын дамытуға ықпал ететін қымбат тұратын мультимедиялық білім беру жүйелерімен (Eduplay, Multikid, Sound beam), интерактивтік тақталармен жабдықталған.

Мүгедектерді оңалту және қоғамға етене араластырып жұмысқа орналастыру мәселесі ерекше орын алатыны ешкімде де күмән тудырмайды.

ҚР мүгедектердің жалпы санының 65,6 %-ы еңбек етуге қабілетті жастағы адамдар, оның ішінде 47 %-дан астамын нәтижелі жұмыспен қамтуға ешқандай да кедергі жоқ.

Қазіргі таңда құқықтық тұрғыдан да еңбек етуге қабілеті бар мүгедектер үшін жұмысқа орналасуға ешбір шектеу жоқ. Алайда соңғы жылдары жұмыс істейтін мүгедектердің саны 82 мыңнан аспайды, бұл еңбек ету қабілеті сақталған мүгедектердің 43,5 %-ы дегенді білдіреді.

Елімізде мүгедектердің еңбегін реттеу бөлігінде басымды түрде жұмыс берушілер үшін мүгедектерді жұмысқа орналастыру квотасы қолданылады (жұмыс орындарының жалпы санының 3%). Бірақ, біздің жағдайымызда жұмыс берушілер бос орынға мүгедек келсе, қиындықтардан қашып, көбінесе жұмысқа алудан бас тартып жатады. Олардың қатарында – қызметкердің жиі ауырып, жұмыстан қалуы, қызметкерді оңалту бағдарламасының критерийлеріне жауап беретін ерекше жағдай жасауға мүмкіндігінің болмауы тәрізді себептер.

Бұл осы механизмнің тиімділігінің төмен екенін, бүгінгі күні жұмыс берушілерге де, мүгедектерге де, мемлекетке де қолайсыз екенін растайды.

Бір жағынан, мүгедектерді жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, еңбек әлеуетін дамыту және іске асыру тұрғысынан да, сол сияқты еңбек табысын алу тұрғысынан да өте маңызды екенін түсінеміз. Дегенмен, екінші тараптан, жұмыс берушілерге де толыққанды, арнаулы жұмыс орнымен жабдықтау үшін қосымша қаражат шығындауды керек етпейтін немесе жұмыс уақытының ерекше режимі бойынша жұмыс істейтін қызметкерлер қажет екені айдан анық.

Осыған байланысты:

- жұмыс берушіде арнаулы жұмыс орындары болған жағдайда, әлеуметтік жұмыс орындарына жіберу;

- тауар өндіретін, жұмыстарды орындайтын, қызмет көрсететін мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері құратын ұйымдарды қолдау мүгедектерді жұмысқа орналастырудың негізгі механизмдері болып отыр. Бүгінгі күні Қазақстанда 33 – соқырлар қоғамының оқу-өндірістік кәсіпорны және 18 - саңыраулар қоғамы қызмет етуде, онда шамамен төрт мыңдай мүгедек жұмыс істейді.

Биылғы жылы мүгедектерді жұмысқа орналастырудың өңірлік карталары дайындалды, соларға сәйкес 6600-дей мүгедекті жұмысқа тұрғызу жоспарлануда.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы жеңілдік өндіріс көлемін төмендетпеуге, жұмыс орындарын сақтауға және мүгедектігі бойынша әлеуметтік жәрдемақыға қосымша еңбек табысын алуға мүмкіндік береді.

Қалыптасқан жағдай мүгедектерді жұмыспен қамту саласында шұғыл шараларды қолға алуды талап етеді. Осы мақсатпен:

1) әзірленіп жатқан заң жобасында мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік жұмыс орындарын құратын, сол сияқты мүгедектер үшін жұмыс жағдайларын жасайтын жұмыс берушілерді қолдау механизмі көзделген;

2) Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарының екінші кезеңін іске асыру шеңберінде мүгедектерге арналған жұмыс орындарын квоталау тетігін қайта карау көзделеді;

3) «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының мүгедектер құрған қоғамдық ұйымдардың мүмкіндіктерін, оларға тифлотехникалық құралдар, арнайы жылжу құралдарын, міндетті гигиеналық құралдар шығаруға құқық беру арқылы кеңейту бөлігіне өзгерістер енгізілді;

4) Жұмыспен қамту 2020 жол картасына қатысушылардың контингенті кеңейтіліп, мүгедектер санаты қосылған, олар үшін кейіннен жұмысқа орналастыру шартымен кәсіптік қосымша оқыту, ауылды жерлерде жеке ісін ашуға немесе кеңейтуге микрокредит беру, жұмыс берушінің қажеттігіне қарай экономикалық өсу орталықтарына ерікті түрде көшуді ұйымдастыру көзделеді.

Тіршілік-тынысының шектелуін ұзарту, әлеуметтік өмірдің барлық саласында: еңбек етуде, демалуда, білім алуда, әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсетуде мүгедектерге тең мүмкіндікті қамтамасыз ету үшін әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне, көлікке, байланыс пен ақпаратқа қол жеткізуге жағдайлар жасалуға тиіс.

Қолжетімді орта құру бойынша жұмыс Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 – 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асырудың бірінші кезеңінде негізгілердің бірі болып табылады.

Осы мақсаттарда:

1) өңірлерде мүгедектер істері жөніндегі кеңестер, мүгедектердің қоғамдық ұйымдарының өкілдерінен сараптамалық топтар, паспорттауды жүргізу үшін арнаулы жұмыс орындары құрылды;

2) әлеуметтік маңызды объектілерді паспорттау жүргізілуде. 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 18,8 мың объекті тексерілді. Оңтүстік Қазақстан (4038), Ақмола (3375 объекті), Солтүстік Қазақстан (2585 объекті), Алматы (1970 объекті) облыстарында паспорттау жұмысы белсенді түрде жүргізілуде. Батыс Қазақстан облысында (167 объекті) және Астана қаласында (204 объекті) бұл мәселеге жете көңіл бөлінбей тұр.

3) ағымдағы жылы қоршаған ортаға қолжетімділікті арттыру бөлігінде Министрлік мыналарды жоспарлауда:

а) объектілерді бейімдеудің өңірлік карталарын іске асыру. Осы карталар шеңберінде 1084 объектіні бейімдеу, оның ішінде 179-вн ЖҚЖК

2020 қаражаты есебінен, 905 объектіні жергілікті бюджет қаражаты есебінен бейімдеу жоспарлануда;

б) жол инфрақұрылымын мүгедектердің қажеттілігіне бейімдеу. Өкінішке орай, көптеген өңірлерде осы мәселе мүмкіндіктері шектеулі азаматтар үшін, әсіресе арбаға таңылған мүгедектер үшін қолжетімсіз күйінде қалып отыр. Биылғы жылы 10 мыңнан артық арнайы жол белгілері (сілтегіштер), жүргіншілер өтетін жолдарға дыбыс шығаратын құрылғылар орнатылады;

в) жүріп-тұруы қиын мүгедектерге ұсынылатын көлік қызметінің тізбесін кеңейту.

Мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерінің бастамасы бойынша бізде әлеуметтік такси қызметі пайдаланылады. Қазіргі уақытта облыстарда 102 «Инватакси» жұмыс істейді, олар жыл сайын мүгедектерден келіп түскен жүз тоқсан мыңнан артық өтінімді орындайды. Бюджетте бұл мақсаттарға 90,9 млн. теңге қарастырылған.

г) Объектілерге қолжетімділік картасын жасау бойынша техникалық тапсырма әзірлеу. Бұл басты әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің қолжетімділік жағдайы туралы автоматтандырылған дерекқор болады.

Жоспарды іске асырудың бірінші кезеңінде ол объектілердің қолжетімділігіне және олардың бейімділігіне паспорттау барысына мониторинг жүргізу үшін қолданылады. Аталған жұмыстың аяқталуы бойынша дерекқор азаматтарға қолжетімді сайтта орналастырылатын болады.

Сондай-ақ:

- болашақ құрылысшылар мен архитекторлардың оқу бағдарламасына қолжетімді ортаны жобалау блогын қосу;

- қазіргі сәулет-құрылысты жобалау институттары шеңберінде халықтың баяу қимылдайтын топтары үшін қолжетімді ортаны одан әрі зерделеу және қазіргі ғимараттарды бейімдеу жөнінде жобалар әзірлеу бойынша жаңа ғылыми және жобалау бағыттарын құру;

- техникалық ғимаратты әзірлеу, жобалау, сараптама жүргізу, сондай-ақ объектілерді салу, жөндеу және тапсыру сатысында тиісті уәкілетті органдар тарапынан қатаң бақылауды жүзеге асыру;

- жұмыс істеп тұрған объектілерге мүгедектер қоғамдары өкілдерінің қатысуымен қолжетімділікті қамтамасыз ету бөлігінде қоғамдық бақылауды енгізу;

- әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілерінің құрылысы бойынша барлық инвестициялық жобаларды әзірлеуге әмбебап дизайн элементтерін қосу қажет деп есептейміз.

Бұған қоса, Заң жобасында:

- «қолжетімді орта», «қоғамдық орын», «ақпарат алудың қолжетімді нысаны» деген жаңа ұғымдар енгізу;

- субъектілердің объектілерді жобалау, салу және кейіннен пайдалануға беру процесінде сәулет, қала салу және құрылыс қызметі туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілігі;

- халықтың баяу қимылдайтын топтарының объектілерге қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтамағаны үшін салынған объектілерді тапсыру және пайдалануға қабылдауға қатысатын адамдардың жауапты болуы;

- мүгедектерге теміржол көлігі, әуе тасымалы, су көлігі қызметтерінің қолжетімділігі үшін жағдай жасау;

- мүгедектердің кез келген ақпаратты өзіне қолайлы форматта алу құқығын кеңейту;

- мүгедектерге және мүгедегі бар отбасыларға берілетін тұрғын үйлерді арнаулы құралдармен және құрылғылармен жабдықтау тәртібі;

- құрылыстарға, олардың мүгедектер үшін қолжетімділігі ескерілген қауіпсіздік талаптарын қою көзделеді.

Жоғарыда аталған шаралармен қатар мүгедектердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға, мүмкіндіктері шектеулі адамдардың мұң-мұқтажына қоғамның санасын бұруға, оларды дені сау адамдармен теңдей тануға ықпал ететін іс-шаралар жүргізілуде.

Былтырғы жылы еліміздің тарихында алғаш рет өткізілген «Бәріміз бірдейміз – Кемсітуді білмейміз» фестивалі мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін есте қаларлықтай оқиға болды.

Түрлі он номинация бойынша конкурстарға алты мыңдай мүмкіндіктері шектеулі адамдар қатысты. Қазан айының аяғында Астана конкурстың ақтық туры өткізіліп, жеңімпаздар естелік сыйлықтармен марапатталды. Конкурс қатысушылары таныстырған әлеуметтік жобалар іріктеліп, демеуші - жұмыс берушілер тарапынан іске асырылуда.

Министрлік және оның аумақтық органдары мүмкіндіктері шектеулі адамдарды әлеуметтендіру бойынша жүргізіп отырған жұмыстары азаматтық қоғам өкілдерінің, ең алдымен мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері өкілдерімен өзара іс-әрекетте жүзеге асырылады.

ҚР Үкіметінің жанында Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы үйлестіру кеңесі жұмыс істейді, оның 25 мүшесінің он алтысы – ҰЕҰ өкілдері.

Үйлестіру кеңесінің консультациялық-кеңес органы ретіндегі қызметі барлық мүдделі тараптардың норма шығару процесіне қатысуын, тәжірибе алмасу және шешімді талап ететін проблемаларға шұғыл ден қоюды қамтамасыз етеді. Мысалы, «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заң жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының құрамына «Намыс», «Үміт» құлағы естімейтін мүгедектерді қолдау орталығы», Қазақ зағиптар қоғамының Орталық басқармасы тартылды.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі және оның жергілікті органдары өз құзыреті шегінде

мүгедектердің әлеуметтік қорғалуымен, сондай-ақ тиісті іс-шараларды қаржыландырумен байланысты проблемаларды шешуде (*мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек көрсетуге, арнаулы техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру*) мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерімен иін тіресіп жұмыс істейді.

Құрметті кеңеске қатысушылар!

Өздеріңізге ұсынған бүгінгі ақпаратым Министрліктің және оның аумақтық бөлімшелерінің мүмкіндіктері шектеулі адамдарды қоғамға етене араластыру мақсатында жүргізіп отырған көпвекторлы әрі күрделі жұмысының айғағы.

Сонымен қатар, осы бағыттағы жұмысты ұйымдастыруда орын алған проблемалар мүгедектерді қоғам өміріне бейімдеу мәселелерін кешенді түрде шешуде қосымша күш-жігер талап етілетінін көрсетеді.